

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ

Кеше Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде "Қазіргі экологиялық мәселелерді шешудегі ынтымақтастық тәжірибесі" деген тақырыпта бірінші халықаралық симпозиум өз жұмысын бастады. Бұл симпозиумды Германияның "Штокхаузен" концерні, Республика Ғылым министрлігі - ғылым Академиясының Шығыс бөлімшесі, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, халықаралық информатизациялау академиясы, Шығыс аймақтық ғылыми-зерттеу қоры, қазақ-

неміс-ресей экологиялық орталығы, Шығыс Қазақстан облыстық экология және биоресурстар жөніндегі комитет және облыс әкімшілігі ұйымдастырып отыр.

Ғылыми мәні зор бас қосуда Шығыс Қазақстанның экологиялық проблемалары жөнінде экология және биоресурстар жөніндегі облыстық комитет төрағасы Р. Адамов, Германиядағы экологиялық проблемаларды

шешудің мүмкін жолдары туралы Шығыс Европадағы, "Штокхаузен" концернінің жобалар жетекшісі профессор Ханс-Дитер Хойслер, ТМД елдеріндегі экологиялық проблемаларды шешудің жаңа технологияларын қолдану тәжірибесі туралы халықаралық информация Академиясының академигі Ф. И. Лобанов, қоршаған ортаны қорғау саласына жаңа технологияларды енгізу үшін

жоғары мектептерде мамандар даярлаудың негізгі бағыттары жөнінде ШҚМУ ректоры, академик Е. Мәмбетқазиев баяндама жасады. Осы симпозиум шеңберінде ғылыми-методикалық конференция, дөңгелек стол басындағы әңгіме өткізілді.

Осы симпозиумда қабылданған шаралардың шығыстың экологиялық жағдайын сауықтыруға септігі тиері даусыз.

У. ТОҚПАТАЕВ.